

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№43 (156) ЖҰМА

28 қараша 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



ГЕОЛОГИЯЛЫҚ КЛАСТЕР АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев геология саласын дамыту ел экономикасында маңызды орын алатынын атап айтып, кен өндіруді жаңғырту үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстарын кеңінен жүргізу міндетін алға қойған болатын. Жезқазғанда жаңадан ашылған әлемдік деңгейдегі геологиялық кластер осы міндет үдесінен шығатын жоба болып отыр.

Бұл жобаға «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 11 млрд теңге шамасында инвестиция құйды. Құрылысты отандық мердігер «Tansu Construction» компаниясы салып, жүзеге асырды. Кластер құрамында еліміздегі ең ірі кен сақтау қоймасы жұмыс істейді. Онда 200 мың кума метр көлеміндегі аумақта кен сақтау мүмкіндігі бар. Кластердің база-

сында австралиялық компаниямен бірлескен замануи геофизикалық зертхана жұмыс істейді. Ол әлемдік өндірушілердің озық құрал-жабдығымен жасақталған. Зертхана елдің ғылыми-зерттеушілік әлеуетін дамытуға арналған. Мұнда геофизика, аспап жасау және робототехника салаларының білікті мамандары даярланады. Бұдан бөлек

кластер құрамына оқу-әдістемелік блок кіреді. Ол мамандарды даярлау мен қайта даярлауға арналған және болашақта шаңырақ көтеретін Ұлытау техникалық университетінің бағдарламаларымен интеграцияланады. Университет түлектері бірден үш диплом – өз дипломын, Satbayev University және әлемдегі алғашқы Colorado School of Mines

филиалының дипломын алады. Кластер аумағында мұражай бар. Қазақстандағы алғашқы ауқымды жоба саналып отырған кластер Жезқазғанның ғылыми-өндірістік әлеуетін көтереді деп күтілуде. Оның жұмысын «Kazakhmys Barlau» ЖШС басқаратын болды. Жаңа нысан 200-ден астам адамды жұмыспен қамтиды.

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков инвест жобаны жүзеге асырған «Қазақмыс» компаниясына алғысын білдірді. Іс-шара соңында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Қазақмыс» корпорациясы арасында Ұлытау университетін салу жөніндегі ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

Нығман РАХЫМ

БАСПАСӨЗ – 2026

**«АЙМАҚ АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ
2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА - 10 000 (ОН МЫҢ) ТЕҢГЕ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА - 5 000 (БЕС МЫҢ) ТЕҢГЕ

Газет жеке тұлғалардан жазылушылар саны бір ұжымнан 10 және одан көп болған жағдайда жазылушылардың жұмыс орнына жеткізіледі. Ал, одан кем болса, редакцияға келіп аласыздар.

РЕКВИЗИТ: ИП "ДАСТАНОВ А"

АДРЕС: ОБЛАСТЬ ҰЛЫТАУ, Г.САТПАЕВ, УЛ. ЕРДЕНА 161-7

БИН/ИИН 611106301669 ИИК KZ956017171000002055 БИК HSBKKZKX

АО НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА КБЕ 19



Анықтама телефоны: 87773024679

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ - СЕРПІН

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕРГЕ ЖЕТЕЙІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауын толық тыңдап шыққан жанның бірімін. Жасырын емес ерекше әсер алғанымды тағы бір мәрте айтқым келеді. Президентіміз сөзін құбылып тұрған жаһандық ахуалдан бастап, қазіргі бұлыңғыр заманда қапы қалмауымыз қажеттігін атап өтті. Бұл – уақыт талабы.

«Ұсынылған Парламенттік реформа президенттік саясаттағы «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» формуласын дамытады. Реформа азаматтардың саяси мәдениеті мен белсенділігі арта түскен қазіргі кезеңде уақыт талабынан туындап отырғаны шындық. Менің түсінігім бойынша бір палаталы Парламенттік үлгіге көшу өте заңды шешім.

Жолдауда ерекше мән берілген басым бағыттардың бірі – жасанды интеллекті дамыту және оны қысқа мерзімде өмірдің барлық саласына енгізу. Президент атап өткендей, бұл технологияны дұрыс мақсатта пайдалана білсек, еліміз озық елдердің қатарына шығары анық. Әсіресе ауыл шаруашылығында жасанды интеллектіні қолдану – өнімділікті арттырудың тиімді жолы.

Сонымен қатар, Мемлекет Басшысы иесіз жердің болмауын қадап айтты. Бұрын заңсыз пайдаланылып, мемлекетке қайтарылған жерлерді ісі бере-

келі, халыққа пайдасы тиетін жобаларды жүзеге асыратын азаматтарға беру қажет екенін ерекше атап өтті.

Жолдауда ауыл шаруашылығын дамытуға да басымдық берілді. Бұл саланы қарқынды дамыту үшін отандық және шетелдік инвестицияны көптеп тартуды өңір әкімдеріне нақты тапсырды.

Президенттің осы бастамалары еліміздің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретіні сөзсіз.

Сөздің түйіні Жолдаудағы барлық бағытты жүзеге асыра отырып, халықтың өмір сапасын жақсарту. Олай болса, Жолдауда жүктелген міндеттерді мінсіз орындайық.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ,
Ақпараттық-түсіндіру
тобының мүшесі,
Жезқазған қаласының
Құрметті азаматы.**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 76-03-58 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9.00-18.30-ға дейін.

Email: zhezmaslih@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

Государственное учреждение «Аппарат Жезказганского городского маслихата» сообщает о том, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 76-03-58, с режимом работы с 9,00 до 18,30 часов, по которому жители города могут сообщать о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: zhezmaslih@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

СОЦИАЛЬНАЯ СПРАВЕДЛИВОСТЬ – ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ ПОСЛАНИЯ

В ежегодном Послании Президент страны вновь подчеркнул: главным ориентиром государственной политики остается социальная справедливость. Сегодня это не просто важное направление развития, а основа общественного доверия и устойчивости. Люди ожидают честных правил, доступных услуг, уважительного отношения и равных возможностей. Именно поэтому акцент на социальной справедливости так ясно и уверенно прозвучал в нынешнем Послании.

Социальная справедливость проявляется прежде всего в том, как государство организует свои институты и ресурсы. Президент отметил, что ключевой задачей является повышение качества жизни во всех регионах страны. Это означает модернизацию социальной инфраструктуры, развитие медицины, образование, поддержку семей и укрепление экономики, ориентированной на человека. В центре каждого решения должны быть интересы гражданина, его безопасность, благополучие и перспективы.

Послание определяет важный курс – дальнейшее усиление мер по защите прав людей и повышению социальной ответственности государственных органов. От органов власти ожидается открытость, оперативность и готовность работать с запросами населения. Такой подход не только повышает доверие, но и формирует новую культуру взаимодействия государства и общества.

Особое внимание Президент уделил вопросам равных возможностей. Каждый гражданин, независимо от региона проживания, социального положения или уровня дохода, должен иметь доступ к качественным услугам и возможностям развития. Это касается и образовательных программ, и медицинской помощи, и условий для предпринимательской деятельности. Равные стартовые условия – это фундамент сильного общества, где труд, инициатива и талант получают признание и поддержку.

Социальная справедливость также предполагает заботу о наиболее уязвимых группах населения. В Послании обозначены меры поддержки для семей с детьми, людей с инвалидностью, пожилых граждан. Государство усиливает внимание к этим категориям, создавая комплексную систему сопровождения, которая помогает каждому чувствовать себя защищенным и нужным.



Важно подчеркнуть, что Послание Президента – это не только набор стратегических задач. Это послание к гражданам, приглашение к партнерству в созидательном процессе. Социальная справедливость невозможна без вовлеченности общества, без инициативы людей, готовых менять свои сообщества и поддерживать друг друга. Ответственные граждане, активные общественные организации и инициативные группы играют ключевую роль в укреплении единства страны.

Сегодня социальная справедливость становится не просто ценностью, а практическим принципом, который должен определять каждое решение, каждую программу и каждый проект. Это путь к формированию сильного, сплоченного и уверенного в будущем общества. Послание Президента задает четкий и понятный вектор: страна развивается ради людей и вместе с людьми. Но каждый должен осознавать уровень и своей ответственности перед страной, перед обществом и активно включаться в общественные процессы.

**Оксана ЖУК,
председатель украинского
этнокультурного объедине-
ния имени Т.Шевченко.**

► АУЫЛЫМ МЕНІҢ – АҚБЕСІК!

«ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ – ГҮЛДЕНЕДІ ЕЛІМІЗ»

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА АЛҒАШ РЕТ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ

Ең алдымен форумның атауы өте дұрыс тауып қойылғанын айтқымыз келеді. Өйткені, әдемі ән жолдарында айтылатынындай, «ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді». Урбанизация қаншама жерден өршіп тұрса да, ауылға тәуелді екенімізді ұмытуға болмайды.



Ауыл дегеніміз – мыңғырған мал.
Ауыл дегеніміз – жайқалған астық.
Ауыл дегеніміз – бау – бақша,
жеміс – жидек.
Ауыл дегеніміз – ұлтымыздың ұлан-
ғайыр тарихы, әдебиеті, мен өнері, салт
– дәстүрі, әдет – ғұрпы.

Бір сөзбен айтқанда, ауыл дегеніміз
– Қазақ ұлтының кіндігі, тамыры. Елдің
Бүгінгі де, Ертеңі де ауылға байланысты.
Бұл әсіре сөз емес.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев
Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің
екінші форумында сөйлеген сөзінде бұл
саладағы ең өзекті деген жеті мәселені
атап көрсетті. Жеткен жетістік жеткілікті,
ал, алдымызда тұрған өзекті мәселелер
тіпті де ауқымды. Форумды өткізудегі
мақсат - барды бағалау, үздіктерді
үкілеу, әрине, сонымен бірге, күрмеулі
тұстарды шешудің жолдарын бірлесе
қарастыру.

Ұлытау облысында облысымыз-
да 2 179 шаруа қожалығы бар екен.
Бұлардың бірі мал, енді бірі егін шаруа-
шылығымен айналысып жатыр.

Облыстық Қоғамдық даму басқар-
масының ұйтқы болуымен ұйымдас-
тырылған форум «АгроQazaq: Техника.
Өнім. Болашақ» көрмесін тамашалаудан
басталды. Мұнда ауылшаруашылығына
арналған жаңа техникалар, жергілікті
өндірушілердің өнімдері, және инно-
вациялық жобалар қойылған.

Өз басым шағын кәсіпкерліктің
арқасында тұтынушының талабынан
шығатын табиғи өнімдерді ұсынып
тұрған жерлестерімді көріп, кәдімгідей
қуанып қалдым. Осындайда Қытайдың
«Ұзақ жол алғашқы адымнан бастала-
ды» дейтін мақала еске түседі. Бүгінгі
шағын цехтар ертең алып өндіріс орын-
дарына айналып кетуі әбден мүмкін.
Солай боларына сенейік!

Ұлытау облысының әкімі Дастан
Адайұлы Рысбеков, Қазақстан Респуб-
ликасы Парламенті Мәжілісінің депу-



таты, аграрлық мәселелер комитетінің
төрағасы Серік Рахметоллаұлы Егіз-
баев, Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы Вице-министрі Аманғали
Бисенбайұлы Бердалиев, республикалық
фермерлер қауымдастығының бас-
қарма басшысы, ҚР Парламенті Мәжі-
лісінің депутаты Жигули Молдақалық-
ұлы Дайрабаев, Ұлытау облыстық
мәслихатының төрағасы Бауыржан
Қабденұлы Шыңғысов форумға қатысу-
шыларды құттықтап, ойларын ортаға
салды.

Жезқазған қаласындағы «Абдрах-
манов Е.М.» шаруа қожалығының жетек-
шісі Әбдірахманов Еділ Мұбаракұлына,
Ұлытау ауданы «Бек-Би» шаруа қожалы-
ғының жетекшісі Қожамсейтов Жар-
қымбек Жанқожаұлына III дәрежелі
«Еңбек даңқы» ордені салтанатты түрде
табысталды.

Үкібаев Мейрам Әлмағамбетұлы,
Асанов Аманбек Касымұлы, Ахметов
Өтеш Мейрбекұлы, Қалиев Ахметқали,
Орманов Серік Төлеубайұлы, Жақып-
бергенова Үміткүл Мантайқызы, Жа-
кеев Жамбыл Сламбекұлы тәрізді
ауылшаруашылығының майталман-

дары Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің «Ауыл
шаруашылығы саласының үздігі»
төсбелгісімен, Қойшығарин Серікбай
Шертайұлы, Сарсенбаев Тоқтар Өмір-
бекұлы «Еңбек ардагері» медалімен
марапатталды.

Бір топ еңбек озаттарына Қазақстан
Республикасы Премьер-министрінің
Алғыс хаты, Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжіліс төрағасы Ерлан
Жақанұлы Қосановтың Құрмет грамота-
сы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты,
Ұлытау облысының Құрмет грамотасы
және Ұлытау облысы әкімінің Алғыс
хаты берілді. Мұның бәрі әрине, еңбек
адамын құрметтеу және еңбектерін
лайықты бағалаудың белгісі екені сөзсіз.

Форум қарсаңында ауылшаруа-
шылығы саласы еңбеккерлерінің ара-
сында арнайы байқау ұйымдастырылып,
7 номинация бойынша өз ісінің үздіктері
анықталған еді. Сонымен кімдер жеңім-
паз атанды?

Осы мерекеге орай облыс көлемінде
7 номинация бойынша арнайы байқау
ұйымдастырылып, өз ісінің үздік ма-

мандары анықталды. Ұлытау аудандық
ветеринарлық станциясының Қаракеңгір
ауылдық округінің ветеринарлық пункт
меңгерушісі, малдәрігері Құдайқұлов
Мұрат Досмағанбетұлы – «Үздік вете-
ринар», Жезқазған қаласының ауыл
шаруашылығы зейнеткері, малшы
Омаракунов Шейшенбек – «Үздік мал-
шы», Жаңаарқа ауданы «Мақсат» ша-
руа қожалығының басшысы Көпбаев
Қайрат Советұлы – «Үздік меценат»,
Ұлытау ауданы «Бекетай – Баба» ша-
руа қожалығының механизаторы До-
санов Бауыржан Мұхтарұлы – «Үздік
тракторшы машинист», Жаңаарқа ау-
даны «Жеңіс» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің механизаторы Тұрабеков
Бекболат Үрүстемұлы – «Үздік механиз-
атор», Ұлытау ауданы «Колов» шаруа
қожалығының басшысы Колов Марғұлан
Шәкірұлы – «Үздік жылқышы», Ұлытау
ауданы «Бекен» жеке кәсібінің басшысы
Тұрмағамбетова Айгүл Жанғазықызы –
«Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу
ісінің үздік шебері» атанды. Олардың
әрқайсысы естелік статуетка және 500
мың теңге сыйлық иеленді.

Әрине, форум тек марапаттау жиы-
ны емес. Бұл ең алдымен, осы саланы
дамытудың жолдарын бірлесіп іздес-
тіруді мақсат тұтады. Сондықтан, форум
барысында Ұлытау облысының ауыл
шаруашылығы және жер қатынас-
тары басқармасының басшысы Ал-
мат Өмірзақұлы Саухимов, «Асыл
түлік» акционерлік қоғамының малды
сұрыптау және өз төлі есебінен көбейті
бөлімінің басшысы Бошымов Бауыр-
жан Сұлтанұлы, ауыл шаруашылығы
саласының маманы Төлеген Нұрланұлы
Жаманов, «Астана Плем Сервис» жау-
апкершілігі шектеулі серіктестің директо-
ры Майгарин Саян Бейсенұлы, Жеңіс»
ЖШС басшысы Нұрсұлтан Қаппарұлы
Жарылғапов әртүрлі тақырыптар бойын-
ша баяндамалар жасады, өздерінің
тәжірибелерімен бөлісті.

Ауылшаруашылығы саласы еңбек-
керлерінің облыстық алғашқы фо-
румы көңілде жылы әсер қалдырды.
Өйткені, мұндай басқосудың берері
мол екені байқалды. Дегенмен, бір
ғана форуммен шектеліп қалуға бол-
майды. Бұл ретте форум барысында
Төлеген Жамановтың әр аудан, қалада
сол өңірдің фермерлерінің басын қосып
семинарлар өткізу, ауылшаруашылығын
тек қаржылық, материалдық ғана
емес, ақпараттандыру тұрғысынан да
күшті қолдау қажеттігі туралы айтқан
ұсынысы өте орынды деп ойлаймын.
Өйткені, сол саланы біркөсідей меңгеріп
алған Төлегеннің сөзімен айтқанда,
«фермерлердің білгенінен гөрі білмей-
тіні өте көп».

Сең қозғалды. Ең бастысы – осы.
Алдағы уақытта облысымызда ауыл-
ға деген, ауылшаруашылығына деген
мүлдем жаңаша оң көзқарас қалып-
тасады деп үміттенемін. Сөйтіп, өңірі-
мізде бұл бағытта соңғы серпіні пайда
болатын тәрізді. Ал, сол серпіні Ұлытауда
өткен алғашқы ауылшаруашылығы
еңбеккерлерінің форумынан бастау
алуға тиісті.

Абдолла ДАСТАНОВ.

ҚАНЫШ ҚАЛАСЫНДАҒЫ

Әлеужеліні ашып қалсаңыз, «Кеншілер қаласы құлазып кетті, құрып бітті» дейтін көсемшелер мен шолақ белсенділердің «ойбайлаған» даусынан құлақ тұнады. Олардың сөздеріне қарағанда, қалада халыққа пайдалы – ау деген бірде – бір іс қолға алынбаған тәрізді. Қала басшылығы істерімен үйлеспейтін «өтірікшіге» ұқсайды. Әрине, кем – кетігі болмайтын жер бола ма? Бірақ, қалада ешқандай оң өзгеріс жоқ секілді қара аспанды қапылдыра беру қаншалықты орынды? Бірыңғай кемшін тұстарды көрсетуді әдетке айналдырған әлгіндей азаматтар өздерін «қаланың жанашырларымыз» деп атағанды ұнатады. Жанашырлық деген тек жаманшылықты теру емес, оң мен терісті қатар айта білу және жалпақ жұртқа жарияламас бұрын туындаған мәселені тиісті орындарға, қала басшылығының алдына қойып, себебіне үңілу, шешу жолдарын қарастыру болса керек. Солар тұратын қалада бәріміз де тұрамыз. Қолға алынып жатқан шаруа аз емес. Баспасөз туры барысында бұған көзіміз жете түсті.

МЕКТЕПТЕР МЕН БАЛАБАҚШАЛАР МАҢАЙЫН АБАТТАНДЫРУ

Қала әкімі халықпен жиі кездеседі. Міндетті есеп беру жиынынан басқа «Ашық алаң» және онлайн форматындағы кездесулер өткізіп тұру қала басшысы үшін қалыпты жағдайға айналды. Мұны Мұрат Бөрібаевтың халықпен тікелей байланысты нығайтудағы енгізген өзіндік жаңалығы десе де болады. Бұдан бөлек белгіленген кестеге сай өткізілетін қабылдау күндері тағы бар.

Әрбір кездесу, жүздесу кезінде тұрғындар тарапынан әртүрлі мәселелер қозғалады. Мектептер мен балабақшалардың маңайында автотұрақтар жасау да тұрғындардың тарапынан сондай кездесулердің бірінде көтерілген мәселе болатын. Халық айтты, әкім орындауға уәдесін берді. Ал, енді нәтиже қандай?

№№ 25, 14, 27 мектептердің және «Ертегі», «Нұрбөбек» балабақшаларының маңайында автотұрақтар салынып, жаяу жүргіншілерге арналған жалғызаяқ жолдар пайдалануға берілді. «Горэлектросеть» ЖШС арқылы жаңадан жарық шамдары орнатылды. Осының бәрі кім үшін? Әрине, қала тұрғындары үшін, оларға қолайлы жағдай туғызу мақсатымен жүзеге асырылған шаруалар. Осы жұмысты атқарып шыққан «Аслан Құрылыс КЗ» ЖШС ұжымына алғыс айтып қойғанның да артығы болмайтын секілді. Өйткені, жұмыстың сапалы атқарылғаны байқалады.

Заман өзгерді, уақыттың талабы басқа. Өйтпесе, кешегі Кеңес кезінде бірлі – жарым байшыкештер болмаса, кім баласын мектепке немесе балабақшаға көлікпен апаратын еді? Енді міне, мектеп, балабақша маңынан автотұрақ салынуын талап ететін заманға да жеттік. Бұл әрине, халқымыздың әл – ауқатының

Өткен аптада Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев баспасөз туры өткізіп, қаладағы соңғы уақыттары жүзеге асырылған абаттандыру жұмыстарының нәтижесімен таныстырды. Әкімнің мұнысы өте орынды болды. Өйткені...



өскендігін аңғартады. Бұған қуану керек. Бәлкім, бәрі бірдей ойдан шығып та жатпаған шығар. Кейбір мектеп, балабақша маңына әзірге қол жетпей жатқан да болар? Бәрі де мүмкін. Қаржы мүмкіндігі деген де бар. Ал, биыл басталған жұмыс келесі жылы жалғасын таппай қалмайды ғой. Мұны неге ойламасқа?

«ТӨМЕНГІ ЖАҚ». ТАМАША ІСТЕР

Ауызекі тілде қаланың орысшалап айтқанда, «низ», қазақшалап «төменгі жақ» деп, атап жүрген бөлігінде биыл ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бір азаматтың сөзімен айтқанда, «мұндағы үйлердің кірер есіктерінің алдарына шейін асфальт төселіп тасталды». Бәлкім, ол мақтауын сәл асыра бейнелеп айтқан да болар, бірақ, шын мәнінде де бұл аймақта бұрын – соңды болмаған жұмыстар қолға алынды. Мысалы, 16-шы шағынауданда 14 000 м²-ден астам асфальт төселді, 5 контейнер алаңы жасалды, 3 жаңа балалар ойын алаңы орнатылды, 40 орындық және қоқыс жәшігі орнатылды, 64 жарық бағаны мен 2 қосымша бағана салынды, құрғақ ағаштар кесілді. «Жас ұрпақ» ҚҚ жыл бедерінде осы жұмыстарды атқарып шықты. Ал, 8-ші және 9-шы шағынаудандарда 21 000 м² асфальт төселді, 5 балалар ойын алаңы орнатылды, 72 жарық бағаны, 74 орындық



және қоқыс жәшігі орнатылды, 8 контейнер алаңы абаттандырылды. Бұл жұмыстарды атқарған – «Ильдас» ЖШС. Енді 15В шағынауданда қандай жұмыстар атқарылғанын қараңыз! Мұнда 8 872 м² асфальт төселді, 25 орындық және қоқыс жәшігі орнатылды, 30 жарық бағаны салынды, 1 балалар ойын алаңы жабдықталды, 4 қоқыс контейнер алаңы абаттандырылды. Мектептер мен балабақшалардың маңайына автотұрақтар салып, абаттандырумен айналысқан «Аслан Құрылыс КЗ» ЖШС бұ жақтың да жұмысын

тап –тұйнақтай етіп орындап шығыпты.

«КАМЕРАЛАР КЕРЕК!»

«Санасызға сан айтсаң да миына қонбайды» дейтін сөз бар. «Бүлдірме» дегенмен бүлдірмесе жүре алмайтындар да жеткілікті. Осындайда кездесулер кезінде көпшілік тарапынан билік басындағыларға «Камералар керек! Неге көптеп орнатып тастамайсыздр?» деген талап қойылып жататынын көріп те, біліпте жүрміз. Сәтін салса, бұл мәселенің де түйіні тарқатыла бастаған екен. Қала әкімін тыңдайық.

– Биыл қалада облыста алғаш рет 50 дана аналитикалық камералар орнату қолға алынды. Қазір сынақ жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл камералардың

ерекшеліктері қандай?

Біріншіден, егер 25 кг-нан артық қоқыс сиятын пакет, қап тастайтын болсаңыз немесе қолыңызға сыйымдылығы 0,25 литрден артық бөтелкемен көзге ілініп қалсаңыз, камера дереу полицияға дабыл түсіреді. Бұл қала тазалығын, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзінің оң әсерін тигізеді – дейді Мұрат Ерболатұлы.

Демек, етек-жеңдеріңізді жинай жүруге дағдылана бергендеріңіз жөн. Камераға ілігіп, айыппұл арқалап жатқан кімге жақсы дейсіз?!

ЖАРҚЫН ЖҰМЫСТАР

«БӘРІ ДЕ БАЛАЛАР ҮШІН!»

Кеңес заманында осындай ұран болатын. Қазіргі кезде де солай. Тіпті, Кеңес заманында әлгіндей әдемі ұран болғанмен, әрбір аулада «Балалардың ойын алаңдары» деген бола қойған да жоқ – ау. Ал, бүгінде әкімнің қай кездесуіне барсаңыз да, «ауламызға балалар ойнатын алаң салып беріңіздер» деген тым болмағанда, бір өтінішті естуге болады.

Ал, билік осы мәселеге қалай қарайды? Қала басшылығы балалар алаңын орнатудың 170 аулаға қажеттілігі бар екенін біліп отыр. Демек, жағдайды жақсы түсінеді. Биыл 38 жаңа алаң орнатылды. Бұрын алаң болмаған немесе ескірген аула аумақтарында жұмыстар жүргізілді.

Бес мердігер демеушілік тұрғыда 5 алаң орнатып берді. Жаңа ойын алаңдарының «төменгі жақ» аумағында, яғни, 16-шы, 8-ші, 9-шы және 15В шағынаудандарда орнатылғаны тіпті, тамаша болды. Бір ғажабы, балалары алаңдары еліміз бойынша белгіленген стандарттарға сәйкес орнатылып жатқанын да атап өту керек.

Биыл алғаш рет кейбір аулаларда баскетбол, волейбол алаңдары да орнатылды. Қала әкімі алдағы жылдары алаңдардың айналасы асфальттанып, немесе өрнектастар төселіп, шаң-тозаңды азайту амалдары қарастырылатынын да жеткізді.

«ЕСКІ ҮЙЛЕР ЖАҢАРМАЙ МА?»

Әкіммен бірге «төменгі жақ» аумағын аралай жүріп, сонау 40-50- жылдары салынған, ел аузында «ағаш үйлер» атанып, әбден ескіріп кеткен үйлердің келешектегі жай – күйі қалай болмағы туралы сұрамау мүмкін емес еді. Журналистер тарапынан бұл сұрақ та қойылмай қалмады. Әкім 2026 жылдан бастап реновация бағдарламасы бойынша ескі үйлердің біртіндеп жаңара бастайтынын айтқанда, сол үйлерде өзіміз тұратындай -ақ қуанып қалдық.

– Бұл мәселе көптен бері айтылып келе жатқаны белгілі. Инвестор табылды, енді біртіндеп іске кірісу керек. Бір ағаш үйде 8 пәтер бар десек, олардың қазіргі тұрып жатқан сол үйлерінде қанша шаршыметр алаң болса, жаңадан тұрғызылатын үйлерден де соншалықты көлем тегін беріледі. Екі не үш қабаты үйлердің орнына 5 әйтпесе 7 қабатты осы заманғы тұрғын үйлер бой көтеретін болады. Құрылыстың тезірек басталып кеткенін бәріміз де күтіп жүрміз. Өйткені, қалада осындай 223 үй бар екен. Бір басталып кетсе, одан әрі құрылыс қарқын алып кетуге тиісті – деген қала әкімі бізбен осындай үмітін бөлісті.

Қаладағы «Нұрлы мекен» шағын ауданы іспетті тағы бір көрікті аумақ пайда болып, қаланың сәнін көлтіре түссе, тұрғындар заманауи



пәтерлерге ие болып жатар болса, нұр үстіне нұр емес пе?

АЙШЫҚТЫ АЛЛЕЯЛАР

Қаладағы ең ұзын Ерден көшесінің басталар тұсы бұрын адам көргісіз күйде еді. Тұрғындардың «осы маңайды бір реттеп берсеңдер қайтеді?» дейтін өтініш-тілегін сан рет естігенбіз. Соның реті биыл ғана табылыпты және қандай дейсіз ғой?!

Ұзындығы 250 метр аллеяға қарап тұрып, «бұрын осы жер аяқ алып жүргісіз еді – ау» дегенді ойлауға да ұялғандайсың. «Қазақ ауыл» деп аталатын бұл аумақта бұрын бірде – бір демалыс алаңы болмаған еді. Қазір енді балаға да, үлкенге де лайықты аллея салыныпты. 127 түп жас өскін егілген екен. Бір кереметі әр ағаштың түбіне жарықшам орнатылыпты. Бұл әсіресе түнгі уақытта кереметтей тамаша көрініс береді. Алаңға заманауи орындықтар, үстел теннисі алаңдары, балалар ойын кешендері, әткеншектер және спорттық тренажерлер қойылыпты. «KOZMODROM» ЖШС атқарған жұмысы көзге көрініп-ақ тұр. Рахмет!

«Ильдас» ЖШС жұмыскерлерінің күшімен №25 мектептің сырт жағындағы бос жатқан алаңқайдан «Білім» аллеясы бой түзеді. Бұл жоба аясында жаяу жүргіншілер жолы өрнектастармен жабылды, балалар ойын алаңы қауіпсіз тартан жабындысымен жабдықталды, суару жүйесі, сирень бұталары мен емен көшеттері отырғызылды, сыртқы жарықтандыру және саябақ шамдары орнатылды, шағын сәулеттік нысандар: орындықтар, қоқыс жәшіктері, көмер, «Білім баспалдағы» инсталляциясы және жартылай дөңгелек амфитеатр салынды. Бұрын шаңы бұрқырап

жатқан жер еді, енді оқушыларға арналған көптеген іс-шараларды өткізуге таптырмайтын орын болды да шықты.

–Алдағы уақытта мұнда радиусы 50 метрді қамтитын тегін уайпай орнатылады – деген әкімнің сөзін естіп, аллеяны тамашалап қуанып тұрған көңіліміз тіпті көтеріле түсті.

Қаланың жақсыға қарай жаңарып жатқан жаңалықтарын көре алмай-тындардан басқаның бәрі «Универсам» дүкені алдындағы аллея мен «ЖАСТАР» скверін жаңаша әлпетке енгенін көріп қуанып-ақ жүр. Бұл жерге жаңадан жалғызаяқ жол төселіп, көгалдандырылған, сәндік элементтер, заманауи орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылған, жарық жүйесі бар көмерлер қойылған.

«Дом одежды», «Кооптранс» деп аталатын дүкендердің алдындағы алаңқайда осыдан он бес жылдай бұрын «Махаббат» алаңы салынып, алғашында әп – әдемі болғанымен, жылдар өте күтімсіздікке ұшырап, азып –тозып кетіп еді. Биыл осы аумақтан жаңадан жасалған «Жастар» сквері қазір көздің жауын алып тұр. Қойылған орындықтардың өзі ерекше. Сөзбен жеткізу қиын, көзбен көру керек.

«Тағзым» алаңы түбірінен өзгеріп шыға келіпті. Өрине, жақсы жағына қарай. Бұл алаң негізі терең саяси мазмұнға ие. Өйткені, мұнда ұлтымыздың басынан өткен небір нәубеттің құрбандарына қойылған бірнеше ескерткіш белгілер бар. Мұндай біртектес алаң еліміздің басқа өңірлерінде жоқ десе де болғандай. Биыл мұнда жаңадан өрнектастар төселіп, мемориалды кешенді жеке учаскіден бөлетін фундаменттік қабырға салынды, саябақ шамдары орнатылды, жасыл желек-

тер отырғызылды, ескі суару құбыры тексеріліп, жаңа роторлы суару жүйесі қойылды. «Тағзым» алаңы да қаланың сәнді де мәнді бір нысанына айналып тұр.

«TABS QURYLYS» ЖШС қала орталығындағы алаңда «Сағат» стелласын орнатуда. Осы «Сағат» әлеужеліде әжептәуір әңгіме арқауына айналды. «Мұның керегі не?», «Бұған жұмсалған қаржыны неге аз қамтамасыз етілгендерге бермеске?» деген тәрізді сөздер айтылып жатты. Біріншіден, әлеуметтік жағынан аз қамталған топтарды қорғау тиісті заң шеңберінде жүзеге асырылады. Қанша қаражат бөліну керек болса, соншасы бөлініп те, беріліп те жатыр. Әкімді сынау үшін аз қамтамасыз етілген топтарды алға тартудың еш қисыны жоқ. Екіншіден, қалаға әр кіргізіп, адамдардың демалысына қолайлы жағдай тудыру мақсатында істеліп жатқан шаруаға қаржы жұмсауға қашаннан бері тыйым салынып еді?

Биыл кешеуілдетіп бітетіні болмаса, келесі жылы әлгіндей сынампаздар осы «Сағаттың» айналасындағы орындықтарда өздері демалып отырып, субұрқақтарға балалары мен немере –шөберелерін ойнатып жүруін тілейік.

Бәлкім баспасөз тур барысында әкім журналистерге бір жылғы атқарылған істердің бәрін қамти алмаған да шығар. Соның өзінде көргенімізді, көңілге түйгенімізді айтар болсақ : Бір жылға атқарылған шаруа аз емес.

Келесі жылы да Қаныш қаласындағы жақсы жұмыстар жалғасын таба берсін!

Абдолла ДАСТАНОВ.
«Аймақ ақшамы» газетінің
бас редакторы.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ЖАНАШЫР БОЛУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Тіл – ұлттың жаны, елдің айнасы. Мемлекеттік тілге құрмет – елге, оның тарихы мен мәдениетіне деген құрметпен тең.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Бұл мәртебе қағаз жүзіндегі ғана талап емес, әрбір қазақстандықтың жүрегінде сақталуы тиіс қасиетті парыз.

Мемлекеттік тілді меңгеру – қоғамның бірігуі мен рухани тұтастығының көпірі. Қазақ тілін білу арқылы біз ұлттық болмысымызды, мәдениетіміз бен дәстүрімізді терең танып, келер ұрпаққа аманат етеміз. Әрбір азамат өз қызметінде, тұрмыстық қатынасында мемлекеттік тілді қолдануға, оны дамытуға және насихаттауға үлес қосса – еліміздің ертеңі нұрлы болары анық.

Сот жүйесінде де мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру ерекше маңызға ие. Себебі сотқа жүгінген әр азамат өз ісінің қазақ тілінде әділ қаралатынына сенуі керек. Бұл – халықтың сот билігіне деген сенімін арттырады. Сондықтан сот қызметкерлері, оның ішінде сот приставтары да өз қызметінде мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, іс жүргізуде кеңінен қолдануы қажет.

Мемлекеттік тілге жанашыр болу – тек ұран емес, бұл әр азаматтың рухани және азаматтық жауапкершілігі. Тілді сақтау мен



дамыту – ұлт алдындағы борыш. Себебі тіл – елдіктің тірегі, мемлекеттіліктің нышаны, ұлттың мәңгілігінің көпірі.

Алмаз БАЗЫЛБЕКОВ,
Ұлытау облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
аға сот приставы.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мен азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі - Департамент) ерекше назарында.

Бұл ретте, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде Департаментпен облыс көлемінде қызмет алушылардың мүдделерін қорғау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және қызмет көрсету процесін жетілдіру бағытында тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Осыған сәйкес, Департамент тарапынан білім саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына сыртқы байқау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Бақылау шараларының нәтижесінде «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау», «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу», «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» көрсетілетін мемлекеттік

қызметтерге қатысты 404 өтініш бойынша қызмет алушыларға қызмет нәтижесі ұсынылмағандығы анықталды.

Бұл тұста, Департаментпен енгізілген ұсынымдарға сәйкес, 404 қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, қызмет нәтижелері ұсынылды.

Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1 ғимаратындағы № 711 кабинетке немесе «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүгінуге болатындығын назарларыңызға жеткіземіз (байланыс телефоны – 8/7102/733270).

Олжас ЖОЛШЫБЕК,
ҚР Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің Ұлытау
облысы бойынша
департаменті Мемлекеттік
қызметтер көрсету
басқармасы бас маманының
міндетін атқарушы.

ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан, ҚР мәдениет қайраткері, көрнекті жазушы әрі журналист Әкім Ысқақ өңірімізге арнайы атбасын тіреді. Ұлытаулықтар жазушымен Жезқазғандағы облыстық кітапханада жүздесу өткізді.

Жазушы өз сөзінде Ұлытаудың қазақ үшін ғана емес, күллі түркі дүниесі үшін маңызын атап өтті. Ол тарихты тану арқылы ұлттың өзегін түсінуге болатынын, ал, ұлттың рухы ең алдымен тіл мен мәдениетте өмір сүретінін баса айтты.

Зиялы қауым өкілдері жазушыға қазақ журналистикасы мен әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін алғыс білдірді.

Мейрамкүл САЯЖАНҚЫЗЫ.



СВЕТСКОЕ ГОСУДАРСТВО И РЕЛИГИЯ

Светское государство — это политическая и правовая система, в которой управление обществом строится на основе законов, а не религиозных норм. В такой модели государство не устанавливает обязательную религию, не пропагандирует какую-либо конфессию и не вмешивается во внутренние дела религиозных объединений. Главная цель светскости — обеспечить гражданам свободу совести, защитить их право верить или не верить, а также гарантировать равенство всех перед законом.

Принцип отделения религии от государства означает, что государственные решения принимаются исключительно на основе правовых норм и общественных интересов. Духовные взгляды отдельных групп не могут определять государственную политику или ограничивать права других граждан. Благодаря этому государство сохраняет нейтральность и создает безопасное пространство для многообразия взглядов и убеждений.

Религия, несмотря на отделение от государства, остается важной частью общественной жизни. Она играет значительную роль в формировании морально-этических ценностей, укреплении духовности, поддержке человека в сложных жизненных ситуациях. Светское государство уважает эту роль и создает условия для свободной деятельности всех конфессий при соблюдении закона. Религиозные объединения

могут проводить богослужения, просветительскую работу, заниматься социальной помощью, однако не вправе вмешиваться в государственное управление или нарушать права других граждан.

Гармония между светским государством и религией достигается благодаря четкому балансу: государство остается нейтральным, а религия свободной. Такая модель способствует общественной стабильности, межконфессиональному миру и укреплению правового порядка. Принципы свободы совести, равенства религиозных объединений, законности и уважения к многообразию являются основой современной светской системы.

Сабыржан ТЕМБАЕВ,
член информационно-разъяснительной группы
по вопросам религии.

ЕРЕКШЕ ТУРНИР

Ұлытау облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Ұлытау облысының прокуратурасы бірлесіп, «Заң мен тәртіп» бағыты аясында пробация қызметінде тұрған азаматтарға арналған облыстық деңгейдегі қазақ күресі және қол күрес турнирін і ұйымдастырды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – пробация есебіндегі азаматтарды спорт арқылы қоғамға бейімдеу, салауатты өмір салтын насихаттау және олардың әлеуетін көтеру.

Турнирге өңірдің әр ауданынан қатысушылар жиналып, жарыстар жоғары деңгейде өтті. Қорытындысында үздік деп танылған спортшылар қаржылай сый-

лықтармен, арнайы дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Бұл іс-шара пробациядағы азаматтарды қолдау және оларды қоғамға қайта бейімдеу бағытында жүзеге асырылған маңызды қадамдардың бірі болып есептеледі.

Өз тілшіміз




ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!




ОВЕН. Эта неделя принесет вам всплеск энергии, который лучше всего направить в профессиональную сферу. Возможны новые интересные проекты или предложения, требующие вашей решительности и новаторского подхода. Будьте внимательны к деталям, чтобы не упустить выгодные перспективы.



ТЕЛЕЦ. Для Вас акцент недели с 1 по 7 декабря смещается на переоценку личных ресурсов и активов. Возможно, вы обнаружите скрытые резервы или найдете более эффективные способы управления финансами. Не исключено получение давно ожидаемого платежа или бонуса.



БЛИЗНЕЦЫ. Вы – магнит этой недели! Ваш дар общения будет сиять ярче, чем когда-либо. Новые знакомства, важные встречи, потоки информации – вы будете в самом центре водоворота событий. Используйте это, чтобы сплести паутину полезных связей и вдохновляющих диалогов. Используйте это время для нетворкинга и обмена идеями.



РАК. Недельный гороскоп выдвигает Ракам на первый план вопросы вашей внутренней безопасности и эмоционального комфорта. Возможно, вам потребуется уделить время организации домашнего пространства или решению финансовых вопросов, связанных с недвижимостью. На работе будьте внимательны к конфиденциальной информации и избегайте непроверенных слухов.



ЛЕВ. Солнечная энергия вашего знака проявится через сильное желание быть в центре событий. Появится возможность для самопрезентации в профессиональной среде – не стесняйтесь демонстрировать компетентность. В ближайшее время усилится фокус на партнерских взаимодействиях, как деловых, так и личных.




ДЕВА. Звезды рекомендуют сосредоточиться на здоровье и благополучии. Пересмотрите свой рацион, добавьте физической активности или просто уделите время полноценному отдыху. На работе будьте методичны и последовательны, это принесет наилучшие результаты. Период благоприятен для крупных покупок, особенно связанных с улучшением имиджа.




ВЕСЫ, эта неделя подарит вам возможность восстановить баланс во всех сферах жизни. Если были разногласия, сейчас самое время для примирения и поиска компромиссов. Ваша дипломатичность будет как никогда востребована. В финансах ожидается стабильность, но не исключены небольшие, но приятные приобретения.




СКОРПИОНЫ. С 1 по 7 декабря акцент будет сделан на ваших финансовых ресурсах и скрытых возможностях. Не исключено, что вы найдете новый способ монетизации своих навыков или получите неожиданное предложение о подработке. В личных отношениях звезды советуют избегать манипуляций и быть предельно честными.




СТРЕЛЬЦЫ, приготовьтесь к новым приключениям и расширению горизонтов. Возможно, вас ждет поездка, интересное обучение или знакомство с человеком, который вдохновит на новые свершения. Ваша жажда знаний будет особенно сильна. В карьере не бойтесь брать на себя больше ответственности.



КОЗЕРОГ. Эта неделя советует Вам сфокусироваться на карьерном росте и долгосрочных планах. Сосредоточьтесь на своих амбициях, разработайте стратегию, идите к цели шаг за шагом. Сейчас идеальное время для закладки фундамента будущих успехов. Проявите усердие и целеустремленность.




ВОДОЛЕЙ. Ваша уникальность – ваш главный козырь этой недели! Не бойтесь быть собой, предлагайте нестандартные решения, объединяйте людей вокруг своих идей. Коллективная работа принесет невероятные плоды. В личной жизни возможны совершенно неожиданные, но очень приятные повороты – открывайте сердце новому!



РЫБЫ, звезды призывают вас к интуитивному подходу и доверию своим предчувствиям. Это время для самопознания, медитации и творческого уединения. Середина недели потребует четких границ в общении – ваша эмпатия может быть использована манипуляторами. В романтической сфере возможна идеализация партнера – постарайтесь видеть реальность, не разрушая романтику.

СКАНВОРД



Анекдоты, анекдоты...



Две планеты беседуют:

- Как дела?
- Норм, а у тебя?
- Хреново!
- А что такое?
- Да зуд какой-то, атмосфера вся в дыму, леса облезли, пустыни чешутся...
- Это, похоже, у тебя люди завелись.
- Та в ужасе:
- Люди?? КАК ЛЮДИ???? Да откуда?
- Другая, успокаивает:
- Да не парься ты так, просто прими пару средних метеоритов!

Влияние Ретроградного Меркурия признают даже те, кто не верит в астрологию.

- Я немного взволнована тем фактом, что сын родился 31 августа, когда Меркурий был ещё в ретрограде. Помогите, пожалуйста, разобраться, как этот Меркурий может повлиять на его дальнейшую судьбу.

- Ретроградный Меркурий очень плох. Ребёнок будет воспитан сумасшедшей матерью.

Толстяк в выходные весь день у окна, Хоть врач негодует: «А где же движение?!»,

Но тот, глядя брюхо: «Так я ж вокруг Солнца

И так с дикой скоростью в вечном кружении!»

Когда-то Юрия Гагарина спросили:

- Можно ли будет скоро послать в космос журналиста?

- Да. Но сначала он должен доказать, что способен писать правду о происходящем на Земле.

Вот и сейчас, прежде чем посылать в космос деятелей кино, лучше бы убедиться, что они на Земле могут снять хоть что-то, что можно смотреть.

Глава Роскосмоса Рогозин обвинил Илона Маска в том, что он работает на Пентагон.

Учитывая состояние космической отрасли РФ при Рогозине, с большей уверенностью можно сказать, что на Пентагон работает сам Рогозин.



«БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫНДАҒЫ 30 ЖЫЛ»



Өртүрлі ұлттар мен ұлыстардың үлкенді-кішілі өкілдері бас қосқан залдың ішін Достық, Ынтымақ, Бірлік әуені тербетіп тұрды. Үлкен экраннан жылдар бойғы қаладағы «Достық үйі» ұйымдастырған іс-шаралардың негізгі сәттері мен жарқын көріністері көрсетіліп тұрды.

Қала әкімі Мұрат Бөрібаев мерейтойлық жылдың аяқталуымен қатысушылар мен қонақтарды құттықтап, елдегі бейбітшілік пен келісімді, ұлтаралық достықты нығайтуға қосқан үлестері үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ Астанадан келген құрметті қонақ — «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Джумурбаев құттықтау сөз сөйледі.

Мәдени бағдарламаға орыс және украин этномәдени бірлестіктерінің өнерпаздары ерекше өң берді. Е.Соколовский мен В. Гайнуллиннің қазақ тілінде орындаған музыкалық нөмірлері мәдени бірліктің жарқын үлгісіне айналып, көрерменге ерекше әсер қалдырды.

Шара барысында мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындардың басшылары және №4, 5, 14, 27, С. Сейфуллин атындағы гимназия директорлары, сондай-ақ Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, меценаттар клубы, белсенді ұзақ өмір сүру орталығының (САД) және жастар орталығының жетекшілері АНК логотипі бейнеленген Алғыс хаттар және естелік статуеткалармен марапатталды.

Мерекелік салтанат Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ҚХА жанындағы Сәтбаев қалалық Ақсақалдар Кеңесінің мүшесі Жайық аға Мұңсызбаевтың ақ бата беруімен және жиынға қатысушылардың бәрі қосылып шырқаған «Бір үйдің баласы» әнімен аяқталды.

Ай НҰР.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясына -30 жыл толды. Жыл басынан бері елімізде кең көлемде аталып өтіп жатқан мерекенің Сәтбаев қаласындағы қорытынды жабылу салтанаты жоғары деңгейде өтті.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 2030

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.